



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 26/26

31 желтоқсан



www.nstagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АНА МЕН БАЛА ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

ЖАҢА ЖЫЛ



Қасым-Жомарт Тоқаев осы орталықтағы Смарт сыныптың жұмысымен танысты. Ем алып жатқан балалар оқудан қол үзіп қалмауы үшін «Ақылды сынып» ұйымдастырылған. Мұнда мектеп бағдарламасына сәйкес математика, тарих және басқа да пәндер оқытылады. Сондай-ақ музыканың және ертегілердің көмегімен терапия сабақтары, түрлі шығармашылық ойындар мен шахмат үйірмесі қарастырылған.



Президент республиканың әр өңірінен келіп, ем алып жатқан балалармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесті. Мемлекет басшысы жеткіншектердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылының аясында білім, денсаулық сақтау, спорт және басқа да салаларда жеткіншектерге көңіл бөлінгенін айтып, бұдан әрі де қолдау шаралары жалғасатынын жеткізді.

лерінде 351 бала ем алып жатқаны туралы баяндалды. Биыл бұл жерде 18 мыңға жуық бала емделген. Кейінгі 3 жылда Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығына 30-дан астам жаңа медицина технологиясы енгізіліп, мамандары шетелде біліктілігін жетілдірген. Кездесу соңында Президент балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, барлығына сыйлық үлестірді.



**Құрметті  
Приозерск  
қаласының  
тұрғындары!**

**Уважаемые  
жители  
города  
Приозерск !**



Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Келер жыл Сіздерге толағай табыстар әкеліп, халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, әр шаңырақ береке, бақытпен шаттыққа кеңеле берсін! Барлық бастамалардың бағы жанып, сүйікті істеріңіз қанағат әкелсін, жаңа білімдерге, биік белестерге жетелесін! Баршамызға жаңа жылда зор денсаулық, бақыт, сәттілік тілеймін!

Елімізге сенелі, халқымыз бейбіт, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! Жаңа жыл құтты болсын, ардақты жерлестер!

От всей души поздравляю всех жителей города Приозерск с Новым 2023 годом!

Пусть наступивший год принесет много успехов, благополучия и изобилия, благословение каждому шапчыраку, счастье и радость!

Пусть реализуются все ваши начинания, любимое дело приносит удовлетворение, знания ведут к новым высоким вершинам!

Желаю всем крепкого здоровья, счастья, удачи в новом году!

Пусть наша страна будет процветающей, народ мирным, Независимость вечной!

С Новым годом, дорогие земляки!

**Приозерск қаласының әкімі  
Сапар Сатаев  
Приозерск қалалық  
мәслихат хатшысы  
Бекзат Сәрсембеков**



Президентке балалар бөлімше

akorda.kz

## ЖАҢА ЖЫЛ ШЫРШАСЫ ШАМЫН ЖАҚТЫ



Әне-міне дегенше 2022-жылды аяқтап, жаңа – 2023-жылға қадам басуға таяп қалдық. Жаңа жылды лайықты қарсы ал – қашаннан бергі қалыптасқан дәстүріміз. Жаңа жылды жан-жақты дайындықпен күтіп алуға арналған мәдени-көпшілік шаралар үстіміздегі жылғы 26-желтоқсаннан басталып кетті. Қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларын және мүгедектігі бар, аяғымен жүретін балаларды қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев құттықтап, оларға әкімдік тарапынан дайындалған сыйлықтар тапсырды. Бұл ісшарада қаладан сексеннен астам бала қамтылды. Гиамараттың екінші қабатына зәулім шырша орнатылып, арнайы дайындалға әртүрлі ойындар ойналды. Әкім балалармен бірге шыршаны айнала билеуге қатысты. Балақайлардың көңілі көтеріліп, мемлекет және әкімдіктен жасалып жатқан қамқорлық пен назарды сезінді. Әкім шыршасы көтерілген көңіл-күйде, жақсы ұйымшылдықпен өткізілді.

29-желтоқсан күні қаланың Жаңа жылдық шыршасын ашу салтанаты да керемет деңгейде өткеніне куә болдық. Аптаға жуық

шағын үйшіктер, жаңажылдық көргізбеліктер, түнгі жарықтар орнатылды. Жұмысшылардың ерен еңбегінің арқасында алаңға үлкен шырша қойылып, алаң ғажайып көрініске бөленді. Кешкі сағат алтыдан өте мерекелік алаң қала тұрғындарына лық толды. Бәрінен бұрын жүздері бал-бұл жанған, қуаныштан шаттанған балалардың көңіл-күйлері көтеріңкі еді. Ғажайып ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері жанында естелік суретке түсіп жүргендер кезекке тұрды. Майдалап жауған қар күннің жылылығына қосылып, адамдар жанына рақат сезімін сыйлады. Жаңа жылдық шыршаның ашылуына қала тұрғындарымен қатар кәсіпорын, мекеме, ұйымдар, Ішкі істер және әскери бөлімдер басшылары қатысты.

Сағат жетіге қарай жүргізушілердің хабарлауымен салтанатты ісшараның ашылуы ресми хабарланғаннан кейін, сахнаға көтерілген қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев қала тұрғындарын кіріп келе жатқан Жаңа жылымен құттықтап, өтіп бара жатқан жылдағы қол жеткізген табыстарымыз туралы шағын баяндама жасады.



Сонымен қатар салтанатты шаараға қатысушыларды 10-Сарышаған сынақ алаңына қарасты 03080 әскери бөлімінің командирі



тынымсыз әрі ұйымшылдықпен жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қаланың үлкен алаңында шағын мұз қалашығы, әртүрлі мүсіндер жиынтығы,

Казаков Алексей Викторович, Приозерск гарнизонының бастығы, 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Үмітәлі



Серікұлы Бектаев құттықтады.

Мерекелік жаңа жылдық көңіл-күйді көтере түсу мақсатында «Жаңа жылдық ертегі» қалалық байқауы өтті. Оған қалалық ұйымдар мен мекемелер белсене қатысты. Жүргізушілер «Жаңа жылдық ертегі» қалалық байқауына қатысқан мекеме басшыларын сахнаға шақырды. Осынау байқауға белсене қатысқан мекемелердің барлығына 20 мың теңгелік сертификаттар табысталды. Олардың арасында болғандар: Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Қазпошта бөлімі, Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі, Экономика және қаржы бөлімі, «Балақай» бөбекжай бақшасы, 60601 ә/б, Приозерск қаласының қазынашылық басқармасы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, қалалық кітапхана ұжымдары.

шығармашылық орталығы 120 мың, 3-орын үшін 21-ші жол-пайдалану учаскесі республикалық мемлекеттік мекемесі 150 мың, 2-орынға ие болған Приозерск қаласының жастар ресурстар орталығы 180 мың, 1-орын алғаны үшін Приозерск қаласының № 2-ші жалпы білім беретін мектебі 200 мың, «Жаңа жылдық ертегі» қалалық байқауында бас жүлдесін жеңіп алған 44841 әскери бөлімі 250 мың теңгелік сертификатпен марапатталады.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» салтанатты кешінде «Ертегілер елінде» театрландырылған көрініспен бірге шырша шамдары жағылды. Шыршаның ашылуы одан әрі өнерпаздардың қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты. Алаңда Жаңа жылдық әуен ойнап тұрады. Сахнаға Ақшақар, Қуыршақ Лол, Миньон, Аю-қыз, Аю-жігіт, Хаги-ваги, Барыс шығып, өнерлерін көрсетті. Ақшақар ән айтып, барлығы шыршаны айнала билейді. Аяз та, Қарша қыз, Барыс және Қоян, Аю жігіт пен Аю қыздың қатысуындағы балаларға арналған қойылым-көрсетілім



Сонымен қатар «Жаңа жылдық ертегі» қалалық байқауында 9-орын алғаны үшін Қарағанды облысы төтенше жағдайлар Департаментінің Приозерск қалалық гарнизоны 60 мың, 8-орын алған 06 708 әскери бөлімі 70 мың, 7-орында тұрақтаған 03080 ә/б 80 мың, 6-орындағы «Балақай» бөбекжай бақшасы 90 мың, 5-орын алғаны үшін Приозерск қаласының № 1-ші жалпы білім беретін мектебі 100 мың, 4-орын үшін «Достық» балалар мен жасөспірімдер

балалардың шаттығын одан әрі көтере түсті. Салтанатты кеш соңы қала жастарына арналған би кешіне жалғасы.

Кіріп келетін Жаңа жыл барша қала тұрғындарына құтты, берекелі, мерекелі, табысты, жетістіктерге, жақсы жаңалықтарға, жақсылықтарға толы жыл болғай!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.

## АНА ТІЛДЕ ТАЗА СӨЙЛЕЙК!

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Ана тіліміздің, соның ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, көсегесін көгерту туралы үнемі айтылып та, жазылып та жүр. Қаншама ой-пікірлер ортаға салынды. Неге тіліміз осы күнге дейін өз биігіне, мәртебесіне көтеріле алмай жүр? Неліктен?

Менің ойымша бұған көбінесе өзіміз, яғни қазақтар кінәліміз. Бажайылып қарап отырсаңыз, арамызда өз ана тіліне менсінбей қарайтын, тіпті мұрнын шүйіретін қандастарымыз әлі де баршылық екенін байқар едіңіз. Ақиқатын айтқанда, тілімізге деген сүйіспеншілік пен құрмет, ана тілдің қадір-қасиетіне болған ұлттың намыс әрбір қазақтың жүрегінен кең орын алмаса қанша жерден заң шығарып, жүздеп қаулы-қарар

қабылдағанмен одан еш нәтиже шықпайды. Бұны осы күнге дейінгі қолданылып келген тәжірибе айқын көрсетіп отыр. Өкінішке қарай ана тілімізді шұбарлап, қойыртпақ жасап сөйлейтіндерді өмірде есітіген былай тұрсын, өз көзімізбен көріп жүрміз. Өзге ұлттарды айтпағанда, өз қандастарымыз бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанын көргенде қаның басыңа шабады. Олардың қазақшаны жақсы білетінін, сөйте тұра неге орысша байқағанда амалсыздан сын айтуға мәжбүр боласың. Біреулері айтқаныңды тыңдап, «кешіріңіз, үйреніп кеткеміз ғой...» деп ұялып жатса, кейбірі бетіңнен ала түседі. Қарап отырып, құлдық санадан құтыла алмай жүргенін байқау қиын емес. Бұл орта жастан асқандардың кейпі. Жастар

арасында өздері ғана түсінетін кірме сөздердің пайда болғанына не айтамыз? «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» депті К.Паустовский. Сонда бұларды жәндіктің қай түріне жатқызамыз?

Тағы бір айтатын мәселе, кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде қате аударылған күйде тұра береді. Оны көргендердің бірі миығынан күліп қиыстай өтіп кетсе, енді біреулері мән де бермейді. Қазақ тіліне шала-шұрпы, қате аударылған сорлы сөз сол күйінде қала береді. Өзім көзім көрген жерлерде мұны басшыларына айтып, дұрыс аудармасын айтып кетіп жүремін. Айта берсек мұндай мысалдар жетіп-артылады. Бұдан бұрын да айтып жүргенімдей, қазақ тіліне деген қажеттілікті арттырмай тұрып, тіліміздің жағдайы жөнделеді, көсегесі көгереді дегенге ешқашан сенбеймін. Біз ауылдық жерде, орыс жоқ мекенде оқып білім алдық. Орыс тілі мен әдебиеті өтілді ме, өтілді жағдайында ғана болғаны шындық. Алайда, жоғарғы оқу орнына, әскерге барғанда орыс тілін білу қажеттігі алдымыздан шықты. Онсыз күнің қараң болды.

Қызметке де орыс тілін білмесең, алынбайтынсың. Міне, осыдан кейін орыс тілін үйренуге мәжбүр болдық. Бұл біз үшін өткен өмірден қалған үлкен сабақ, тәжірибе емес пе? Осыны негізге ала отырып, бұл әдісті жай ғана ішінара қолдансақ, жетіп жатыр. Тағы бір таң қалатыным, бізге – қазақтарға қарағанда өзге ұлттардың қазақ тілін үйренуге деген құлшынысын анық байқаймын. Себебі олар түптің-түбінде қазақ тілінің үстемдік алатынына сенеді. Сол кезде мемлекеттік қызметке де, басшылық қызмет пен депутаттыққа да еркін ене алатынын біледі. Ал, біздің орыс тілінің тереңіне сүңгіп кеткен қазақ ағайын әлі күнге селқос, беймарал. Тағы бір байқап жүргенім – қазақ ата-аналар балаларын орыс балабақшасы мен мектептеріне беріп жатқанда, олардың қазақ балабақшалары мен мектептерін таңдайтынын көріп жүрміз. Қорыта келе, туған тілімізге деген қажеттілікті тудыруымыз керек деп есептеймін.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
«Тіл жанашыры»  
байқауының иегері.

## 2022 жылғы 23 желтоқсандағы Приозерск қаласының әкімі С. Қ. Сатаевтың халықпен кездесуі барысында қала тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары

№	Айтылған ескертулер / ұсыныстар	Шешу жолдары	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы (ЖАО құрылымдық бөлімдер)	Аяқтау формасы	Ескертпе/ орында- луы
1	Жапарбердиева Ф.Е., Б. Момышұлы к-сі, 5/2 үй, 11 п. (залдан түскен сұрақ) Б. Момышұлы көшесіндегі 5/2 үйдің ауласындағы бұрынғы бұзылған құрылыстардан қалған темір қалдықтары туралы	Аталған аумақты қарап, қажетті шаралар қабылдасын	20 ақпан 2023 жыл	Әкім орынбасары Д.Ш. Саденов ТҮКШ,ЖК,АЖ және ТҮИ бөлімінің басшысы Т. Айдарханов	Орындалуы туралы ақпарат	
2	Кабенко Ф.Х. (залдан түскен сұрақ) Жартытүбектегі тозығы жеткен ғимараттың 1-қабатын қоршау туралы	1. Ғимарат пен жер учаскесінің иесін анықтасын 2. Тиісті іс-шараларды жүргізісін	23 қаңтар 2023 жыл	Әкім орынбасары Д.Ш. Саденов Экономика және қаржы бөлімі Ә. Дүйсенбаев Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы С. Бұқпантаев	Орындалуы туралы ақпарат	
3	Кабенко Ф.Х. (залдан түскен сұрақ) Жартытүбектегі жол бетінде жатқан су құбырлары туралы.	Түгендеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті шараларды жүргізісін	30 сәуір 2023 жыл	Әкім орынбасары Д.Ш. Саденов ТҮКШ,ЖК,АЖ және ТҮИ бөлімінің басшысы Т. Айдарханов «Сарышаған Сужылы-2014» ЖШС С. Курец	Орындалуы туралы ақпарат	
4	(инстаграм) Спортшыларды «Достық» ЖБШО-да жаттығуға тасымалдау үшін көлікті ұйымдастыру туралы (қалалық автобустың бағытын өзгерту туралы)	Қарастырып, ұсыныс берсін	23 қаңтар 2023 жыл	Әкім орынбасары С.Ж. Бейскеев Дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Н. Стамқұл	Орындалуы туралы ақпарат	

**План мероприятий  
по реализации предложений и замечаний населения г. Приозерск,  
высказанных в ходе встречи с населением  
акима Сатаева С.К. 23 декабря 2022 года**

№	Поднимаемый вопрос	Пути решения	Сроки решения	Ответственный исполнитель	Форма завершения	Примечание/исполнение
1	<b>Жапарбердиева Ф.Е., ул. Момышулы 5/2, кв.11 (вопрос из зала)</b> О железных остатках от бывших пристроек во дворе дома 5/2 по ул. Б. Момышулы	Осмотреть данную территорию и принять меры.	20 февраля 2023 года	Заместитель акима Саденов Д.Ш. Руководитель отдела ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Айдарханов Т.А.	Информация об исполнении	
2	<b>Кабенко Ф.Х. (вопрос из зала)</b> Об ограждении 1-го этажа полуразрушенного здания на полуострове	1. Определить владельца здания и земельного участка. 2. Провести соответствующие мероприятия.	23 января 2023 года	Заместитель акима Саденов Д.Ш. Отдел экономики и финансов Дюсенбаев А.З. Руководитель отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Букпантаев С.Т.	Информация об исполнении	
3	<b>Кабенко Ф.Х. (вопрос из зала)</b> О водопроводных трубах лежащих на поверхности дороги на полуострове.	Провести инвентаризацию и принять необходимые меры	30 апреля 2023 года	Заместитель акима Саденов Д.Ш. Руководитель отдела ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Айдарханов Т.А. ТОО «Сарышаган Сужылу-2014» Курец С.В.	Информация об исполнении	
4	<b>(инстаграм)</b> Об организации транспорта для перевозки спортсменов на тренировки в ЦДЮТ «Достык» (об изменении маршрута городского автобуса)	Рассмотреть и дать предложение	23 января 2023 года	Заместитель акима Бейскеев С.Ж. Руководитель отдела физической культуры и спорта Стамкул Н.А.	Информация об исполнении	

**АССАМБЛЕЯ ЖЫЛДЫ  
ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ**



Жаңа жыл қарсаңында облыстың Қазақстан халқы Ассамблеясы биылғы жылды қорытындылады. Ассамблея өкілдері, этномәдени бірлестіктердің басшылары қатысқан басқосуға облыс әкімі

Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, бірегей ұйымның ел бірлігін нығайтудағы ерекше ролін және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін атап өтті. – Қазақстан халқы Ассамблеясы – қашанда біздің барлық бастамаларымыздағы сенімді серігіміз. Сіздер аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосудасыздар. ҚХА мүшелерінің арасында өз қалалары мен аудандарында әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысатын табысты биз-

несмендер аз емес. Сіздер экономиканың аграрлық және басқа да секторларын дамытуға қосқан үлестеріңіз – қомақты, – деген Ермағанбет Бөлекпаев жиналғандарды Жаңа жылмен құттықтап, денсаулық пен табыс тіледі. Достық үйіндегі кездесуде Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ұсыныстарда айтылды. – Біздің ассамблея жылды қоғамдық пікір көшбасшылары, түрлі деңгейдегі маман-

дар мен кәсіпкерлер қатысатын біртұтас топ ретінде аяқтайды. Ауызбіршілігіміз жай ғана көзбояушылық емес. Біз бір-бірімізді бірнеше жылдан бері білеміз. Сол тандемде келесі жылы да жұмыс істейтін боламыз, – деп қорытындылады облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Вилен Молотов-Лучанский.

**ORTALYQ  
QAZAQSTAN**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru    Таралымы: 500 дана    Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35    QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №26/26, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.